12+

Ұлт болашағы өз қолымызда!

# Талдықорған

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады

www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru
@Taldykorganpress

№21 (1863) Жұма, 30-мамыр 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ

## АҚЫЛ-ОЙ ҚОСУ АРҚЫЛЫ КЕЛЕШЕКТІ БАҒДАРЛАУ




**Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Астана халықаралық форумының Пленарлық сессиясы жұмысына қатысып, сөз сөйледі.**

**Қадірлі қонақтар!**

Баршаңызбен Астана халықаралық форумында жүздескеніме қуаныштымын!

Бүгінгі басқосуға шетел үкіметтерінің басшылары, дипломатия, бизнес және академиялық ортадағы достарымыз бен әріптестеріміз қатысып отыр. Мәртебелі меймандарымызға, атап айтқанда, Руанда Президенті Поль Кагамеге және Солтүстік Македония Президенті Гордана Силяновска-Давковаға, Еуропа Кеңесінің Бас хатшысы Ален Берсеге, БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы Пан Ги Мунға, Біріккен Ұлттар ұйымы жүйесінің жетекшілеріне, форумның өзге де қатысушыларына шынайы ризашылығымды білдіремін. Форум аясында жаһандық экономика, өңірлік ынтымақтастық және халықаралық күн тәртібіндегі басқа да мәселелер жөнінде нәтижелі пікір алмасамыз деп үміттенеміз.

Бүгінгі жиын әлемде белгісіздік белең алған кезеңде өтіп отыр. Мұны жолайрық, халықаралық қатынастардағы сын сағаты деп сипаттасақ та болады. Алайда бұл тұжырымды тарихшылардың еншісіне қалдырған жөн. Қазір осы жағдайға қалай жауап беретініміз маңызды. Алдымызда таңдау тұр: қандай шешім қабылдаймыз, қандай құндылықтарды қорғаймыз?! Дүние-жүзін қақтығыстар мен соғыс өрті жайлап барады. Былтырғы мәліметке сәйкес, 52 мемлекет қарулы қақтығыс жағдайында тұрған. Ал осындай қатыгез әрекеттерден келген экономикалық шығын 19 триллион долларға жетті. Бұл, шамамен, әлемдік ІЖӨ-нің 13,5 пайызы. Дегенмен осы сандардың арғы жағындағы ахуал одан да қорқынышты: қазіргі қақтығыстар анағұрлым ұзақ әрі күрделі сипатқа ие. Оған көптеген «ойыншылар», тіпті, ешқандай мемлекетке қатысы жоқ топтар араласады. Бұдан бөлек, мұндай қақтығыстардың тамырында түрлі қайшылықтар жатыр.

Аталған факторлар бейбітшіліктің берік орнауына кедергі келтіруде. Айрықша алаңдаушылық туғызатын тағы бір дүние бар. Ол – әлемдегі осы тектес шиеленістердің жаһанға мүлдем жаңа түсінік пен құндылықтар ұсынып, адамзатты түбегейлі түлеген, бірақ әзірге беймәлім келешекке бастап бара жатқан жасанды интеллектінің даму трендімен еш үйлеспеуі. Бұл орайда тарихи тұжырымдар мен саяси араздыққа негізделген әскери қақтығыстар мен соғыстар мүлдем орынсыз, тіпті ақылға қонбайды. Соғысудың орнына біз халқымызды, әсіресе, жастарымызды саналы әрі өркениетті қоғам құруға үндеуіміз керек. Әрине, қақтығыстардың қай-қайсысы да жіті назар аударуды қажет етеді. Әйтсе де, ядролық қаруды иеленген мемлекеттер арасындағы шиеленіске айрықша мән бергеніміз жөн. Бүгінде тоғыз елдің арсеналында жалпы саны 13 мың ядролық оқтұмсық бар. Сарапшылар оны қолдану ықтималдылығы артып келе жатқанын ескертеді. Тіпті, бұған жазатайым қателік, оқыс оқиға немесе эскалация себеп болуы мүмкін. Бір ғана жарылыстың салдары жойқын болмақ. Ғалымдар атом бомбасы түскен жерін күл-талқан етіп қана қоймай, жаһандық ауқымдағы климат апатына әкеп соғуы, егістік атаулыны жойып жіберуі мүмкін екенін айтады. Оның қасіретін біз жақсы білеміз. Жерімізде жасалған 450 ядролық сынақтың зардабымен Қазақстан әлі күнге дейін бетпе-бет келіп отыр. Біз бейбітшілік үшін Кеңес өкіметінен мұраға қалған ядролық арсеналдан өз еркімізбен бас тарттық. Бүгінде жаппай қырып-жоятын ядролық және биологиялық қаруды таратпау ұстанымын жақтаймыз.

Жаһандық қауіпсіздікке төнген қатерге тек геосаяси сипат тұрғысынан қарамау керек. Мұны мойындаған жөн. Әлемдегі қазіргі ахуал өзгеріп жатыр. Мультилатерализмнің үні құмыққанда, протекционизм өршиді. Осынау бей-берекет кезеңдегі біздің міндетіміз – ынтымақты қатаң сақтау, ыдыраған тұсын қайта қалпына келтіру. Қазақстан қазіргідей алмағайып заманды сындарлы ықпалдастық тұрғысынан қарастырады. Сыртқы саясатта жікке бөлінбей диалогқа келуді, кез келген елдің егемендігін құрметтеуді басшылыққа аламыз. Әсіреұлтшылдық танытып, өзге халықтардың тарихы мен мәдени дәстүрлерін менсінбеуге жол берілмейді. Аз халықтардың ана тілінде сөйлеп, төл мәдениетін дәріптеуіне құрметпен қарау қажет. Сондықтан Қазақстанда «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатын қатаң ұстанамыз.

**Құрметті достар!**

Соңғы бірнеше жылда Қазақстанда ауқымды экономикалық және институционалдық реформалар жүргізілді. Біздің мақсатымыз айқын – барынша әртараптандырылған, инклюзивті және келешекке бағдарланған экономика құру. Экономикалық өсім орнықты болумен қатар, оның игілігі әр азаматқа әділ бөлінуге тиіс. Елімізді түбегейлі жаңғыртып, Әділетті Қазақстанның негізін қалау үшін мемлекеттілікті нығайтуға көп күш-жігер жұмсап жатырмыз. Жалпыұлттық референдум арқылы Конституциямызға өзгеріс енгізіліп, басты билік институттарына реформа жасалды.

Біз суперпрезиденттік жүйеден бас тарттық. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасын басшылыққа алатын, тежеу мен тепетеңдік жүйесі бар президенттік республика жолын таңдадық. Бұл тұжырым Қазақстандағы саяси жүйенің ерекшеліктеріне мейлінше лайықты модель екеніне кәміл сенемін.

Президент өкілеттілігі бір реттік 7 жылдық мерзіммен шектелді. Қазақстанда ғана емес, біздің аймақта мұндай шешім бұрын-соңды қабылданбаған. Менің ойымша, бұл қадам еліміздің саяси жүйесін нығайтуға, экономикасын дамытуға және өркениетті қоғам құруға негіз болады. Президент – халықтың белгілі бір мерзімге, біздің жағдайымызда жеті жылға жалдаған менеджері.

Парламент азаматтық қоғам және жаңа саяси партиялардың мүшелерімен толықты. Сондай-ақ әйелдерге, жастарға және әлеуметтік тұрғыдан осал топтың өкілдеріне қосымша квота берілді. Адам құқықтарын қорғаудың нақты тетіктері болмаса, ілгері жылжу мүмкін емес. Бұл жүйе «Заң мен тәртіп» қағидатында көрініс тапқан.

Біз аталған реформаларды геосаяси ахуал тұрақсыз кезеңде қолға алғанымызды білеміз. Бірақ «Жол мұраты – жету». Осы стратегиялық бағдарымыздан айнымаймыз, реформаларды тоқтатпаймыз. Жаһандағы сын-қатерлерге қарамастан, экономикамыз былтыр 5,1 пайызға өсті. Шетелден тартылған тікелей инвестицияның көлемі рекордтық көрсеткішке жетті. Транскаспий халықаралық көлік бағытымен тасымалданған жүк 62 пайызға артты.

Дей тұрғанмен біздің стратегиялық мұратымыз цифрмен ғана өлшенбейді. Бұл реформалар жұртшылықтың өркендеуіне жол ашатын жаңа қоғамдық келісімді орнатуды көздейді.

***(Жалғасы www.taldykorgan-online.kz желілік басылымында).***

## ҚЫМБАТТЫ БАЛАЛАР!



*Сіздерді 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын!*

*Жаздың шуақты алғашқы күнімен қатар келетін бұл тамаша мереке – балалық шақтың жарқын сәттеріне толы, шаттық пен қуанышқа бөленетін ерекше күндердің бірі. Бұл күн – әрбір балаға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықтың көрінісі деп білемін. Қай халықтың болмасын елдігін, салт-дәстүрін, атамекенін болашаққа апаратын бүгінгі жас ұрпағы. Дүниеде баладан асыл, сәбидің күлкісінен қымбат қазына жоқ.*

**Құрметті жас достар!**



*Сіздер – біздің көзқуанышымыз, болашаққа деген сеніміміздің символысыздар! Армандарыңыз асқақ, мақсаттарыңыз анық болсын! Еліміздің ертеңін гүлдендірер білімді де парасатты азамат болуларыңызға тілектеспін. Алдағы жазғы демалыстарыңыз шаттыққа, қызықты оқиғалар мен жарқын әсерлерге толы болсын!*

**Ернат БӘЗІЛ,**
**Талдықорған қаласының әкімі**






сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА 3 ЖЫЛ

# КЕЗЕКТЕ ТҰРҒАН 5735 АДАМ ҮЙЛІ БОЛДЫ

**Облыс құрылғаннан бері өңірде барлық қаржыландыру көздері есебінен шамамен 1 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілі, қабылданған шаралардың арқасында кезекте тұрған 5735 азамат үйлі болды, ал биыл барлық бағыттар бойынша тағы 2026 адамды тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.**



Атап айтқанда, үш жылда Талдықорғанда 3135, Панфилов ауданында 687, Текелі қаласында 394, Кербұлақ ауданында 390, Алакөл ауданында 325, Ескелді ауданында 209, Көксу ауданында 175, Сарқан ауданында 145, Қаратал ауданында 143, Ақсу ауданында 132 отбасыға үй берілді. Соның 1400-і – көп балалы отбасы, 265-і – жетім балалар, 1643 тұрғын – әлеуметтік осал топтар санатынан. Бұл тұрғын үйлер «Шаңырақ», «Бақытты отбасы», «Жерұйық», «Жетісу жастары» бағдарламалары аясында, демеушілер есебінен берілді, сол сияқты мұның ішінде кредиттік, жалгерлік үйлер мен апатты үйлерде тұратындарды көшіру де бар.

Сонымен қатар биыл өңірде 375,0 мың шаршы метр тұрғын үй, соның 92,3 мың шаршы метрі бюджет қаражаты есебінен, атап айтқанда жалға берілетін және кредиттік тұрғын үй есебінен, 22,7 мың шаршы метрі «Самұрық – Қазына» АҚ есебінен, 54,4 мың шаршы метр жеке құрылыс салушылар есебінен салынады. Бұл ретте жыл басынан бері тұрғын үйдің жоспарланған көлемінің 72,1 мың шаршы метрі пайдалануға берілді. Сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жалпы ауданы 15,2 мың шаршы метр болатын 258 пәтер сатып алуға республикалық және жергілікті бюджеттен қаржы бөлінді.

Биыл барлық бағыттар бойынша облыстың 2026 тұрғынын баспанамен қамту жоспарланған. Бұл ретте жыл басынан бері 114 көпбалалы отбасы, 49 жетім бала және халықтың әлеуметтік осал санатынан кезекте тұрған 153 адам – жалпы саны 361 адам Ақсу, Алакөл, Сарқан, Көксу, Қаратал, Кербұлақ, Ескелді, Панфилов аудандары мен Текелі, Талдықорған қалаларында тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Күні кеше Талдықорғанның жаңа шағын ауданында көп қабатты үйден 60 пәтердің кілті табысталған болатын.

Атап өтсек, осы жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша Жетісу облысында тұрғын үйге кезекте тұрған азаматтардың саны 31 619 адам, оның 15 мыңнан астамы Талдықорғанда тұрады. Өңірде өткен жылдың қорытындысы бойынша қабылданған шаралардың арқасында облыс орталығындағы тұрғын үйге кезек 8,3%-ға төмендеді. Осы жылы тағы 1400-ден астам отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Осылайша, 2023-2025 жылдары облыс орталығында 5 мыңға жуық кезекте тұрғандар қолжетімді баспанамен қамтамасыз етіледі.

# ӨҢІРДІҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

**Жұмыс сапары аясында ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров өңірдің ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерімен кездесу өткізді. Кездесудің басты тақырыбы – жүгері өсіруді дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және экспорттық әлеуетті арттыру болды.**



2025 жылы өңірде құны 29 млрд теңге болатын агроөнеркәсіптік кешен бойынша 9 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Олардың қатарында бордақылау алаңдарын, құс фабрикасын, жылыжайды салу және ет комбинатын кеңейту бар. Жалпы республика бойынша биыл АӨК саласында 1 трлн теңгеден асатын 249 жобаны жүзеге асыру көзделген.

Кездесу барысында жүгеріні терең қайта өңдеу перспективаларына ерекше көңіл бөлінді. 2024 жылы өңірде 297 мың тонна жүгері жиналып, оның 135 мың тоннасы қайта өңделді, ал 76,8 мың тоннасы экспортталды. Осыған байланысты министр Панфилов ауданында жаңа қайта өңдеу кәсіпорнын салу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Өңірдің экспорттық әлеуеті жоғары, әсіресе, Қытай бағытына. 2023 жылы ҚХР-ға астық жеткізу көлемі 5,5 есе артып, 1,4 млн тоннаға жетті. 2024 жылдың қыркүйегінен 2025 жылдың сәуіріне дейінгі аралықта жеткізу көлемі 27%-ға өсіп, 1,859 млн тоннаны құрады.

Қытай тарапымен 29 түрлі өнім бойынша екіжақты хаттамаларға қол қойылуына байланысты жеткізілетін өнім түрлерін кеңейту жұмыстары жалғасуда. Осыған орай, жеткізілетін өнім сапасын арттыру мақсатында Алашаңкоу станциясында Қазақстан-Қытай бірлескен арбитраждық зертханасын құру жобасы қарастырылуда.

Министр сондай-ақ өңірдің негізгі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызметімен танысты. Олардың қатарында жүгері өсірумен айналысатын ірі шаруашылықтардың бірі – «Көктал Агро» ЖШС бар. Бұл шаруашылық 2024 жылдан бастап СҚО-ның тәжірибесін тарату бағдарламасы аясында 387 гектар жерге тамшылатып суару жобасын іске асыруда. Сонымен қатар тәулігіне 15 тонна сүт өндіретін сүт фермасына да барды.

Жұмыс сапарының маңызды нысандарының бірі – «Жаркент крахмал-сірне зауыты» ЖШС болды. Жүгеріні терең өңдеу бойынша өңірдегі жетекші кәсіпорын жылына 150 мың тоннаға дейін шикізат өңдей алады. 2024 жылы 100 мың тонна жүгері қабылданып, крахмал, сірне, жүгері майы және құрама жем түрінде 72 мың тонна дайын өнім шығарылды. Биылғы жылдың алғашқы төрт айында 23 578 тонна өнім өндірілді.

Ауыл шаруашылығы министрлігі қосылған құны жоғары өндірістерді дамытуға және экспорттық әлеуетті кеңейтуге бағытталған аграрлық секторды қолдау шараларын жүзеге асыруды жалғастыруда.

**Дереккөз: ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайты**

# МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫ

**Талдықорған қаласында облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаевтың төрағалығымен Жетісу облысы мәслихатының кезекті XXVIII сессиясы өтті.**



Жиында басты баяндаманы облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Рауан Дауталинов жасады. Ол өз сөзінде 2024 жылы жалпы өңірлік өнім көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге ұлғайғанын атап өтті. Осы жылдың алғашқы төрт айының қорытындысы бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор 116,2% құраған. Басты басымдықтардың қатарында Кербұлақ ауданынан Талдықорған қаласына дейінгі елді мекендерді газдандыру жұмыстары бар. Бүгінгі таңда 84 ауыл газдандырылды, ал жыл соңына дейін газдандыру деңгейі 71,4%-ға жетіп, тағы 42 елді мекен газға қосылады. Мемлекеттік бағдарламаның екінші басымдығы – сумен жабдықтау нысандарын салу және жаңғырту. Жалпы халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған, оның ішінде тұрғын үй құрылысы мен инженерлік инфрақұрылымға қатысты негізгі және әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға қаражат бөлу көзделген.

Мұнан соң Жетісу облысының 2024 жылғы бюджетінің атқарылуы туралы облыстық қаржы басқармасының басшысы Жанар Керімбекова, Жетісу облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Ардақ Тоқбергенов баяндады.

Жалпы осы күні сессияда тоғыз мәселе қаралды.

Жиын соңында облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев өңірдің маңызды мәселелерін шешуге белсенді қатысқандары үшін депутаттарға алғыс білдіріп, облысты орнықты дамыту және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін бірлескен жұмыстың маңызды екенін атап өтті.

# «ЖЕТІСУДЫҢ 7 КЕРЕМЕТІ» ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

**Жетісу облысы – табиғаты және тарихи көрнекті орындары жағынан ерекше туристік тартымды аймақ. Өңірде өлкенің туристік әлеуетін көпшілікке кеңірек таныту мақсатында «Жетісудың 7 кереметі» жобасы қолға алынды.**

Соның аясында жобаға таңдалып алынған жеті нысанның ерекшелігі мен сипатын ашатын бейнероліктер түсіріліп ұсыныла бастады. Атап айтқанда, «Visit Zhetysu» туристік ақпараттық орталығы тарапынан іске асырылып отырған жобаның алғашқы бейнеролигі «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне арналады. Соның ішінде «Алтынемел» паркінің табиғи ландшафтары, археологиялық ескерткіштер мен сирек кездесетін флорасы мен фаунасы, биіктігі 150 метрді құрайтын үлкен құмды төбе – музыкаға ұқсас дыбыстар шығаратын қасиетімен танымал «Айғайқұм», Ақтау және Қатутау таулары, оған қоса ұзақ жыл тіршілік етудің көрнекті белгісіне айналған 700 жылдық Ива ағашының да ерекшелігі таныстырылады. Және Іле өзенінің оң жағалауында орналасқан «Бесшатыр сақ қорғандары» сақ-тиграхауд билеушілері қорғандарының археологиялық кешені де бейнероликте кеңінен насихатталады.

Атап өтсек, «Жетісудың 7 кереметі жобасы» аясында басқа да нысандар бойынша әзірленген танымдық бейнероліктер көпшілікке апта сайын ұсынылады деп жоспарланған.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі**

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

# 6 ЖОБА АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ

**Үстіміздегі жылғы жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтыруды және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру бойынша Журналистер үйінде Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында баспасөз мәслихаты өтті. Жетісу облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Қасымов Қайрат Саханұлы, облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Асхат Чарапиев, облыстық ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері Еламан Аубакиров жиынға қатысып, аталмыш мәселеге қатысты мәліметтермен бөлісті.**

Айтар болсақ, облыста жаз мезгілінде қала сыртындағы 13 жазғы сауықтыру лагерлері жұмыс істейді. Оның 1-еуі мүгедектігі бар балаларға арналған жазғы сауықтыру орталығы және тағы біреуі «Айналайын» балалар үйіне қарасты лагерь.

Спикердің айтуынша, облыстағы 297 жалпы білім беретін ұйымдардың 1 мен 10 сыныптарындағы оқушылардың 113 мыңнан астамын (93%) жазғы демалыспен қамту жоспарлануда, оның ішінде 102 964-і мектеп жанындағы алаңдарда туристік саяхат, еңбек, шығармашылық, интеллектуалдық шыңдалуға бағытталып отыр. Сондай-ақ, мектеп жанындағы тамақтандырылмайтын лагерлерде балалар демалысы ұйымдастырылады. Демалыс орындарында педагогтармен қатар 150 студент пен 80-дей еріктілер жұмыс жасайтын болады.

Қайрат Қасымовтың айтуынша, «балалардың жазғы демалысы 6 жоба аясында ұйымдастырылады. «Ұлттық құндылықтар» жобасы бойынша мектеп жанындағы алаңдарда қазақ үйлер мен шатырлар құрылып, ұлттық тәрбие, салт-дәстүрді насихаттайтын шаралар өткізіледі. «Білімнен мамандыққа дейін: еңбек әлеміне экскурсиялар», «Жасыл клуб», «Жазғы экрандар», бастауыш сынып оқушыларына арналған «Туристята» слеті, «Жетісу сақинасы» жобалары балаларды елін, жерін сүюге, табиғатты аялауға бағытталып отыр».

Қазіргі таңда 5 лагерь санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінен қорытындыларын алды, тағы 5-еуі өтініштерін берсе, 3-еуі сараптама қорытындыларын күтуде.

Ал балалардың тамақтануы мен өрт қауіпсіздік шаралары үнемі бақылауда.

**Данагүл ӘНУАРБЕКҚЫЗЫ**

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

«СЛЫШАЩЕЕ ГОСУДАРСТВО»

# УКРЕПЛЯЯ ЦИФРОВУЮ ДОСТУПНОСТЬ

**На прошлой неделе в рамках рабочей поездки в область Жетісу первый вице-министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК Каныш Тулеушин встретился с населением региона. Во встрече, проведенной в здании регионального IT-хаба «Jetisu Digital» города Талдыкоргана, также участвовали представители профильных комитетов министерства, представители акимата области и управления цифровых технологий.**




Перед началом встречи с жителями первый вице-министр ознакомился с деятельностью IT-хаба «Jetisu Digital». С момента открытия в хабе проведено 124 мероприятия, в которых приняли участие более 1500 человек, а образовательные программы охватили свыше 2000 школьников. Сегодня хаб стал площадкой притяжения цифровых инициатив, стартапов и молодежных ИТ-проектов.

Дав высокую оценку работе IT-хаба «Jetisu Digital» во встрече с населением, Каныш Тулеушин отметил, что крупнейшим международным технопарком IT-стартапов в Центральной Азии, центром развития IT-отрасли является Астана Хаб. Здесь создаются льготные условия и акселерационные программы для свободного развития технологических компаний. Сегодня в хабе около1700 IT-компаний.

- *В настоящее время в стране растет спрос на ИТ-специалистов. Для этого Хаб разработал программу «Tech Orda», направленную на подготовку квалифицированных кадров в сфере IT. Данная программа позволит всем гражданам Казахстана в возрасте от 18 до 45 лет получить IT-специальность бесплатно. И время подготовки специалиста будет около 4-6 месяцев, а не год или два. В настоящее время по данной программе 73 IT школы проводят обучение по 178 курсам,* - сказал первый вице-министр.

Кроме того, по его словам, в этом году в стране открылась первая школа искусственного интеллекта Tomorrow school. На обучение поступило более 9800 заявлений, в настоящее время на базовом обучении находятся 176 студентов.

Рассказал Каныш Тулеушин и о развитии в городе Талдыкоргане концепции «SmartCity», создания дорожной безопасности посредством видеокамер и работе единого контакт-центра «Сужба 109».

Так, 92% госуслуг доступны онлайн, 90% из них оказываются через смартфоны, а сервис цифровых документов в 2024 году использован 292 млн раз. В области Жетісу за I квартал 2025 года оказано 127 428 госуслуг, из них 28 924 – через пункты Connection Point. Проактивные услуги, такие как автоматическое оформление документов при рождении ребенка или зачисление в школу, устраняют бюрократические барьеры, а «Социальный кошелек» обеспечивает прозрачное предоставление льгот, включая 5 млн обедов в школах и 6,5 млн рецептов на медикаменты.

В свою очередь заместители председателей Комитета телекоммуникаций и Комитета государственных услуг Лазизбек Курбантаев и Надир Курумбаев затронули вопросы обеспечения населенных пунктов и дорог областного и республиканского значений связью и интернетом, введения мобильной технологии 5G, цифровизации государственных услуг и сервисов.

По их словом, все 315 школ области подключены к интернету, 95,4% сел (334 из 350) имеют доступ к сети, а в Талдыкоргане работает 5G с 29 базовыми станциями. В 2025 году планируется подключить 20 сел к волоконно-оптической связи и установить 307 новых камер видеонаблюдения, включая 87 с интеллектуальными функциями. Национальный проект «Доступный интернет» обеспечит 158 сел региона оптической связью, а 15 малонаселенных пунктов – спутниковым интернетом. Министерство также усилило контроль за качеством связи, наложив в 2025 году штрафы на операторов на сумму 70 млн тенге, из них 1 проверка проведена в Талдыкоргане.

Встреча завершилась открытым диалогом, где жители смогли задать вопросы и обсудить актуальные проблемы, включая качество интернета и доступность госуслуг. Как подчеркнул Каныш Тулеушин, министерство продолжит такие встречи для информирования граждан о реформах и совместного решения региональных задач, укрепляя цифровой потенциал Казахстана.

АГРОПРОМЫШЛЕННЫЙ КОМПЛЕКС

# СТАРТУЕТ НАЦИОНАЛЬНАЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННАЯ ПЕРЕПИСЬ

**Национальная сельскохозяйственная перепись пройдет с 1 августа по 20 октября 2025 года. Это масштабное статистическое наблюдение, направленное на получение актуальных данных о состоянии аграрного сектора страны. Об этом сообщил руководитель департамента по области Жетісу Бюро национальной статистики Марат Букенов, выступая на брифинге в региональной службе коммуникаций.**

По его словам, перепись проводится по поручению Главы государства, решение о сроках утверждено Правительством с учетом сезонности сельхозработ. Мероприятие будет проходить в два этапа: онлайн-опрос и личный обход.

С 1 по 31 августа пройдет онлайн-этап на портале sanaq.gov.kz, где респонденты смогут самостоятельно заполнить переписные листы. С 20 сентября по 20 октября – офлайн-этап, в ходе которого интервьюеры посетят те домохозяйства, кто не прошел онлайн-опрос. До этого, с 1 по 30 июня, пройдет предварительный обход домохозяйств в 5 городах региона (листинг), чтобы уточнить списки респондентов.

*«Мы призываем всех граждан к активному участию в переписи. Это не просто статистическое мероприятие, а основа для принятия решений в сфере продовольственной безопасности, поддержки фермеров и развития регионов. Только достоверные данные помогут выстроить эффективную государственную аграрную политику»,* – отметил руководитель департамента.

В опросе должны принять участие юридические лица, ИП, фермерские хозяйства, занимающиеся растениеводством, животноводством и рыбоводством. Также во время офлайн обхода будут опрошены домохозяйства, содержащие скот, имеющие огороды и земельные участки для личного подсобного хозяйства.

В переписи планируется охватить около 113 тысяч домохозяйств и 21 тысячу сельхозпроизводителей. По региону задействованы свыше 200 интервьюеров.

*«Для удобства граждан будут открыты зоны самообслуживания в сельских акиматах и районных отделах статистики с доступом в интернет. Для консультаций граждане могут обращаться к виртуальному помощнику Sanaq-Myrza на сайте sanaq.gov.kz либо в контакт-центр 1446»,* - в завершение добавил Марат Букенов.

**Алма УРАЗАЕВА**

ДЕНЬ ЗАЩИТЫ ДЕТЕЙ

# ЭКСКУРСИЯ ПО ЦОНУ

## ДЛЯ ШКОЛЬНИКОВ ТАЛДЫКОРГАНА

**В Центре обслуживания населения по области Жетісу прошел тематический день «Кибер Тұмар», посвященный вопросам цифровой грамотности и безопасности для школьников. Он стал частью республиканской акции «Қазақстан балалары», приуроченной ко Дню защиты детей.**



В рамках мероприятия школьникам рассказали о работе Центра обслуживания населения, продемонстрировали, как получать онлайн-услуги в секторе самообслуживания, показали возможности мобильного приложения «ЦОН», а также объяснили, что такое электронная цифровая подпись. Особое внимание было уделено вопросам кибербезопасности: дети узнали, как защитить свои персональные данные и почему важно использовать надежные пароли для безопасности в интернете.

В завершение мероприятия все участники получили сертификаты о прохождении детского обзорного курса, посвященного деятельности Государственной корпорации и основам безопасного поведения в интернете. Отметим, что мероприятие прошло при поддержке Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан.

**Соб. инф.**

ПРОФИЛАКТИКА

# БЕЗОПАСНЫЙ

## ЛЕТНИЙ ОТДЫХ ДЕТЕЙ

**Закончился учебный год, а с началом летних каникул детей подстерегает повышенная опасность на дорогах, у водоемов, в лесу, на игровых площадках, в садах и во дворах. Этому способствует, прежде всего, отсутствие должного контроля со стороны взрослых и незанятость детей организованными формами отдыха.**

Поэтому ознакомление с правилами безопасности на летних каникулах чрезвычайно важно для всех мам и пап. Кстати, не помешает рассказать о них и детям. И речь идет не только о безопасности дошкольников, многие ученики средних и старших классов во время отдыха делают много глупостей и наносят вред организму.

**БЕЗОПАСНОСТЬ НА ВОДЕ**

Большинство семей предпочитают проводить жаркие летние дни на пляжах водоемов – озера, реки, моря. Взрослые и малыши с удовольствием купаются и загорают, дышат свежим воздухом. Однако вода может быть опасной. Поэтому перед поездкой на место отдыха следует изучить следующие рекомендации:

**1.** Не разрешайте купаться ребенку без вашего присмотра, особенно на матрасах или надувных кругах;

**2.** Отпускайте отпрыска в воду только в плавательном жилете или нарукавниках;

**3.** Не позволяйте детям играть в игры, где участники прячутся под водой или их «топят». Такие развлечения могут окончиться трагедией;

**4.** Не разрешайте заплывать за буйки и нырять в неизвестных местах водоема, поскольку камни и ветки деревьев часто приводят к травмам;

**5.** Контролируйте время пребывания ребенка в воде, чтобы не допустить переохлаждения;

**6.** Во избежание солнечных ожогов смазывайте кожу ребенка специальными солнцезащитными средствами.

**БЕЗОПАСНОСТЬ НА ПРИРОДЕ**

Если вам удастся выбраться на природу (лес, парк), обязательно ознакомьтесь с правилами безопасности детей летом:

**1.** В таких местах обычно много клещей, укусы которых опасны тяжелыми заболеваниями (энцефалит, болезнь Лайма). Поэтому ребенка лучше одеть в штаны и закрытую обувь. Причем брюки следует заправить в резинку носков. Не помешает и обработка поверхности одежды средствами от насекомых;

**2.** Объясните ребенку, что запрещено трогать незнакомые грибы и кушать неизвестные ягоды или плоды, растущие в лесу – они могут быть ядовитыми;

**3.** Во избежание укуса таких насекомых, как шмели, осы, пчелы, расскажите, что нужно оставаться недвижимым, когда они поблизости;

**4.** Не позволяйте ребенку подходить к животным, которые могут укусить его и заразить бешенством;

**5.** Ни в коем случае не оставляйте детей без присмотра – они могут заблудиться.

**ОБЩИЕ ПРАВИЛА БЕЗОПАСНОСТИ ДЕТЕЙ НА ЛЕТНИХ КАНИКУЛАХ**

К сожалению, опасности подстерегают детей не только в местах отдыха, но и на детской площадке, на дороге, в общественных местах. Однако следование рекомендациям поможет снизить риски:

**1.** Для ребенка обязательным является ношение головного убора на улице для предотвращения теплового или солнечного удара;

**2.** Приучите детей всегда мыть руки перед употреблением пищи;

**3.** Поскольку на лето приходится пик пищевых отравлений и заболеваний энтеровирусными инфекциями, следите за свежестью продуктов, всегда мойте овощи и фрукты перед употреблением;

**4.** Обязательно учите ребенка переходу по светофору, расскажите об опасности, которую несет автомобиль;

**5.** Расскажите детям о том, как правильно себя вести на детской площадке, в частности, катанию на качелях. К ним нужно подходить сбоку; садиться и вставать, дождавшись полной остановки; крепко держаться при катании.

**ВАЖНО НАУЧИТЬ И ПРАВИЛАМ ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ЛЕТНИЙ ПЕРИОД:**

**1.** Не позволяйте разводить костры без присутствия взрослых. Поясните опасность огненной стихии в быстром распространении на соседние объекты;

**2.** Соблюдайте питьевой режим, чтобы не допустить обезвоживания. Давайте ребенку очищенную природную воду без газа;

**3.** Если ваше чадо катается на велосипеде или роликах, приобретите ему защитный шлем, налокотники и наколенники.

Следование простым рекомендациям поможет обезопасить жизнь и здоровье вашего ребенка и позволит провести летние каникулы с максимальным удовольствием.

**! Помните! Ребенок берет пример с вас – родителей. Пусть Ваш пример учит дисциплинированному поведению ребенка на улице и дома. Старайтесь сделать все возможное, чтобы оградить детей от несчастных случаев.**

**Комиссия по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций города Талдыкорган**

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

## 4 МАУСЫМ – ҚР МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ КҮНІ

# ЕЛДІКТІҢ ЕҢСЕЛІ БЕЛГІСІ

**Егемендік – ұлт рухының мәңгілік символы. Ал сол рухты айқындайтын, елдіктің еңсесін тіктейтін басты нышандар – Мемлекеттік рәміздер. Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы және Әнұраны 1992 жылдың 4 маусымында ресми түрде қабылданып, бұл күн мемлекет тарихындағы маңызды белеске айналды. Бұл – жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда маңызды қадам.**

Еліміз тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап, егемен мемлекет ретінде өзінің даму жолын қалыптастырды. Сол кезеңнен бері бәсекеге қабілетті экономиканың іргетасы қаланды. Даму жолындағы реформалар жүйелі түрде жалғасып, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру, қолайлы әлеуметтік орта қалыптастыру бағытында нақты жұмыстар атқарылуда. Білім беру, денсаулық сақтау, цифрландыру сынды бірқатар маңызды салаларда ауқымды өзгерістер жүзеге асырылып келеді. Осы жетістіктердің барлығы мемлекеттігіміздің мызғымас негізін білдіретін және халқымыздың ортақ мақсатына жұмылуын қамтамасыз ететін басты құндылықтармен тікелей байланысты. Сол құндылықтардың бір көрінісі Мемлекеттік рәміздермен астасып жатыр. Бұл ұлттың өткені мен бүгіні, болашағы арасындағы тарихи сабақтастықты жалғап тұрған киелі тұғыр. Бүгінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері халықаралық аренада да танымал. Әлемнің түкпір-түкпірінде көк байрағымыз көкке көтеріліп, елтаңбамыз құрметпен бейнеленіп, әнұранымыз асқақтата шырқалып жүр. Бұл Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы орнының нығайғанының айғағы деп анық айта аламыз.



**Қайрат САРҚЫТОВ, С.Мұратбеков атындағы №9 орта мектеп директоры:**

*– Бұл күн – әрбір қазақстандық үшін аса маңызды, ұлттық мақтанышымызды оятатын айтулы мереке. Мемлекеттік рәміздер – бұл тарихпен астасқан, болашаққа бет алған елдің бет-бейнесі. Көк байрағымызда – бейбіт аспан мен болашаққа деген үміт, Елтаңбамызда – елдігіміз бен бірлігіміздің белгісі, ал Әнұранымызда – жүректен шыққан жігер мен елге деген сүйіспеншілік жатыр. Бүгінде жас ұрпақ рәміздердің мән-мағынасын терең түсініп, оларды құрметтеуге тәрбиеленіп келеді. Әрбір мемлекеттік мекемеде, әрбір білім ордасында рәміздерге деген құрметтің жоғары деңгейде болуы – ел ертеңінің берік болуына негіз қалайды. Рәміздер күні – бұл өткенге тағзым, бүгінге тәу ету, болашаққа серт. Ұлт болып ұйысу үшін де, мемлекет ретінде нығаю үшін де әуелі біз өз рәміздерімізді қадір тұтуымыз қажет.*



**Еркебұлан АҚБОЛАТОВ, «Қоғамдық келісім» КММ директоры:**

*– Мемлекеттік рәміздер – бұл біздің мемлекетіміздің берік негізінің бірі. Ту, Елтаңба және Әнұран – әрбір азаматтың бойында мақтаныш пен патриоттық сезім ұялататын киелі нышандар. Рәміздер күнін атап өту тек салт қана емес, бұл – ұлтқа деген құрмет пен Отанға адалдықтың жарқын көрінісі. Жастарымыз осы құндылықтарды жүрекпен сезініп, әрдайым биік рухта тәрбиеленуі тиіс. Өйткені олар – біздің ортақ бірлігіміздің, тәуелсіздігіміздің символы. Мемлекеттік рәміздеріміз әрдайым асқақ болсын!*



**Таңшолпан ҚАНАТҚЫЗЫ, балабақша тәрбиешісі:**

*– Отан деген қасиетті ұғым – Ту, Елтаңба және Әнұраннан бастау алады. Біз тұғыры биік Туымызбен, айбынды Елтаңбамызбен, асқақ Әнұранымызбен әлемге танылдық. Желбіреген көк байрағымыз – халқымыздың қашаннан бері келе жатқан азаттыққа, бейбіт өмірге деген ұмтылысының белгісі. Елтаңбамыз – мемлекеттілігіміздің мызғымас тұғыры, тарихи сабақтастық. Ал Әнұранымыз – ел жүрегінен шыққан, жүректерді біріктіретін рухты ән. Бүгінгі таңда қарға тамырлы қазақ халқы тәуелсіз мемлекетте тату-тәтті, бейбіт күн кешіп отыр. Бұл – ата-бабамыздың ғасырлар бойы аңсаған арманы, сан ғасырлық күресінің жемісі. Қасық қаны қалғанша күресіп, бізге мұра еткен ұлы даламызда өмір сүру, еңбек ету – зор бақыт әрі қасиетті жауапкершілік.*



**Толқын ҚҰРМАНҒАЛИЕВА, кітапханашы:**

*– Мемлекеттік рәмізді қастерлеу – Отанға деген сүйіспеншіліктің шынайы көрінісі. Ел Тәуелсіздігін көздің қарашығындай сақтау үшін біз оның нышандарын қадір тұтып, ұрпақ бойына сол құндылықтарды сіңіруіміз қажет. «Талаcқа түссе жан мен ту, жан емес, маған керегі — көк тудың желбірегені» деген өлең жолдары барлығымызға таныс. Осы бір ауыз сөздің астары қаншама құндылықты сипаттайды десеңізші?! Туымыздың тұғырынан түспей желбіреп тұруы кез келген осы елдің азаматына ұлттық рух береді. Көк Туымыз – көгімізде, Елтаңбамыз – төрімізде, Әнұранымыз – жүрегімізде. Бұл – біздің бірлігіміздің, елдігіміздің және мәңгілік Тәуелсіздігіміздің белгісі.*

**Назерке ӘДІЛБЕКОВА**

## ӨТЕНАЙ АУЫЛЫНДА

# АРЫҚ СУЫ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛДІ



Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл Өтенай ауылдық округінің тұрғындарымен кездесу өткізіп, олардың көкейкесті мәселелерін тыңдады.

Кездесу барысында ауыл тұрғындары жол инфрақұрылымын жақсарту, түнгі жарық, ауыз су және кәріз жүйесіне қосылу мәселелерін көтерді.

Қала әкімі Ернат Бәзіл:

*– Өтенай ауылдық округінде биыл атқарылатын жобалар жеткілікті. Атап айтқанда, «Ынтымақ» және «Жастар 1/1» тұрғын үй алаптарында кәріз жүйесін тарту жұмыстары аяқталды. Енді осы аумақтардың жолдарын ретке келтіру жұмыстарын бастағалы отырмыз. Халықты алаңдатқан өзекті мәселелерді кезең-кезеңімен, жүйелі түрде шешеміз,* - деді.

Өткен жылы қала әкімінің ауыл тұрғындарымен кездесуінде көтерілген бірнеше мәселе өз шешімін тапты. Мойнақ ауылы көгілдір отынмен қамтылса, «Жастар 1/1» тұрғын үй алабы таза ауыз сумен қамтамасыз етіліп, кәріз жүйесі тартылды. Бұдан бөлек, 5 шақырым бойы диқандар үшін өзекті болған мәселе каналға су жеткізу ісі шешіліп, бүгінде Өтенай ауылының тұрғындары оның игілігін көріп отыр.

## ПАРТИЯ ТЫНЫСЫ

# АЗАМАТТАР ӨТІНІШІ НАЗАРДА

**Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл «AMANAT» партиясының Жетісу облыстық қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.**



Қабылдауға 10 қала тұрғыны жазылды. Олар әлеуметтік маңызы бар мәселелерді – тұрғын үй, ауыз су, инфрақұрылымға қатысты сұрақтарды көтерді.

Кездесу барысында қала әкімі көтерілген мәселелерге мұқият назар аударып, жауапты сала мамандарына тапсырма берді.

# ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБАЛАР

**Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл қала аумағында қарқынды жүргізіліп жатқан бірқатар құрылыс нысандарын аралады.**

Алдымен, «Бірлік» шағын ауданында қызу жүріп жатқан сквер құрылысының барысымен танысты. Бұдан кейін көпқабатты тұрғын үйдің құрылыс жұмыстарын бақылап, «Құлагер» шағын ауданындағы жаңа саябақтың жұмыс қарқынын бағамдады. Сондай-ақ, әкім «Береке» коттедж қалашығында қайта жаңғыртылып жатқан тұрғын үйлердің жай-күйімен танысып, бірқатар мәселелерді пысықтады. Одан бөлек, Ернат Дүйсенбекұлы іргетасы қаланып жатқан көркем гимнастикаға арналған спорт кешенінің құрылыс барысын да көрді.

*– Биыл қаламызда салынып жатқан құрылыс нысандарының саны артты. Олардың басым бөлігі – халық игілігіне бағытталған жобалар. Сондай-ақ, ағымдағы жылы 70 шақырымнан астам жолды жөндеуді жоспарлап отырмыз. Осылайша, қаланың көптеген аумағында ағымдағы және орташа жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілетін болады. Бұл бағыттағы жұмыстарды кезең-кезеңімен және жүйелі түрде жалғастырамыз,*- деді қала басшысы.

## ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДА

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ЖҮЛДЕЛІ

**Талдықорғанда мемлекеттік қызметкерлер арасында өткен жазғы спартакиада ойындарында қала әкімдігінің қызметкерлері шағын футбол, ерлер және әйелдер арасындағы баскетбол бойынша облыс чемпионы атанды.**



Еске салсақ, бұл жазғы спартакиада Жетісу облысы құрылғаннан бергі үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Жарысқа облыстың әр өңірінен 20 команда қатысты. Қатысушылар үш күн бойы спорттың 10 түрінен өзара бақ сынап бақ сынасып.

Алғашқы сайыс күні Камшат Алдаберген тоғызқұмалақтан әйелдер арасында облыстың үш дүркін чемпионы атанды. Сонымен қатар, қазақ күресінен 100 келі салмақта Нұрбол Ибикенов, 90 келіде Самат Болатұлы II орын иеленсе, 80 келіден жоғары салмақта Рақым Тұрланов III орынды еншілесе, 100+ салмағында III-орынды Нұржан Саятұлы қанжығасына байлады. Нәтижесінде қазақ күресінен командалық есепте кола жүлде алынды.

Сондай-ақ, үстел теннисінен аралас командалар арасында күміс жүлде жеңіп алынды. Ал ерлер арасында жүзуден Айбек Кәжебек III орын, әйелдер арасында Ақерке Жұмашқызы II орынды місе тұтты.

Жаннұр Әбішев, қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы:

*– Биылғы мемлекеттік қызметшілер арасында өткен жазғы спартакиада ойындарына жақсы дайындықпен бардық. Мұндай спорттық жарыстың басты мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау және оны кеңінен дәріптеу. Алған нәтижелерімізде көңіл қуантады. Жыл сайын бұл спорттық бәсекені асыға күтетін мемлекеттік қызметшілер үшін бұл сайыстың орны ерекше. Енді меже – Өскемен қаласында өтетін республикалық жазғы спартакиадада Жетісу өңірінің абыройын асқақтату,* – деді.

Айта кетейік, Талдықорған қаласы әкімдігінің командасы жалпыкомандалық есеп бойынша II орынды иеленіп, облыстық деңгейдегі спартакиаданың үздігі атанды.

**Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі материалдарымен**

сайт: www.taldykorgan-online.kz / e-mail: taldyk@bk.ru / тел.: 40-11-02 / мекенжайымыз: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

## ҚҰНДЫЛЫҚ

# «АЗ и Я» КІТАБЫНА – 50 ЖЫЛ

**Қазақ ақыны, жазушы, «XXI ғасыр Адамы» атағының иегері, Невада-Семей халықаралық антиядролық қозғалысының президенті Олжас Сүлейменов биыл 89 жасқа толып отыр. Ақынның әлем халқының санасына сілкініс жасаған атақты «Аз и Я» кітабының жарық көргеніне – 50 жыл.**



Туынды 1975 жылы 100 мың данамен жарық көрген болатын. Осы айтулы күнге орай Алматы қаласында «Түркіславистиканың бастаулары» тақырыбында білім мәдениетін қолдауға арналған конференция өтті. Әлемнің айтулы тұлғалары мен қазақтың танымал азаматтары бас қосқан жиында оқырманның санасын қалыптастырып, жарты ғасыр бойы түрлі мәдениетті жақындатуға әсер еткен кітаптың тарихи рөлі талқыланды.

**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**
**тарих ғылымдарының докторы:**

*– Еңбек жарық көрген жылдардан бастап автордың көрмегені жоқ. Өзі қуданды, кітаптары өртелді. Десе де, шығарма өзінің тарихи салмағын жоғалтпай, керісінше талғампаз оқырманның жүрегін жаулай түсті. Бүгін Олжас Омарұлы 89 жасқа келсе де, оқырмандарының ортасынан табылып, бізбен ой бөлісіп отыр. Ойы тың, әлі де айтары бар,-* дейді.

Кітаптың жарыққа шыққанына 50 жыл толуына орай Болат Өтемұратов қорының қолдауымен «Аз и Я» кітабы қайта басылып, оқырманға жол тартты.

**Толыбек ДАНАБЕКОВ,**
**Жетісу облысы бойынша Семей полигоны мүгедектер және ардагерлер бірлестігінің төрағасы, Талдықорған қаласының Құрметті азаматы:**

*– Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабының 50 жылдығына арналған халықаралық конференцияға бірлестік төрағасы ретінде арнайы шақырту алып, қатысып қайттым. Әсерім өте мол. Татарстан, Әзірбайжан, Қытай, Түркия, Ресей мемлекеттерінен келген мәдениет, әдебиет қайраткерлерімен қатар еліміздің танымал тұлғалары шығарманың маңызына тоқталып, қазақ ақыны және ойшылы Олжас Сүлейменовтың дарынын дәріптеп, батылдығына бас иді. Ұлы ақынның өз қолынан кітабын алудың құрметі маған да бұйырды. Алғысым шексіз.*

Жазушы Роллан Сейсенбаев «Олжас!..» деп аталатын естелігінде шығарма туралы ойын былайша жеткізген екен: «1975 жылы Олжас Сүлейменовтің ғылыми-танымдық «Аз и Я» кітабы жарыққа шықты. Бүкіл кеңес одағы дүр сілкінді. Бостандық аңсаған интеллигенция қалпақтарын аспанға лақтырды. Кеңес Одағы орнағанына 58 жыл өткенде барып, социализм орнатуға жан салған елде, тұңғыш рет ақиқат арқалаған сөздің шашуы шашылды. Ақиқат арқалаған ой түу көкке көтеріле жөнелген. Естерін әзер жиған билік, жарыққа шыққан «Аз и Я»-ны, зынданға салды. Жүз мың тиражбен шыққан кітапты туратты, өртеді. Озық ойды, озбыр билік барын салып тұншықтырды. Бірақ озық ой, ойлы адамдардың санасына еніп үлгеріп еді. Енді оны тұншықтыру мүмкін емес болатын.

Ақиқат ескен жалау жығылмады.

Ақын Олжас Сүлейменов «Аз и Я» кітабының оқырмандарынан он мыңнан астам хат алды. Әлемде ақын көп, бірақ кітабына он мың хат алған ақын Олжас қана. Сол хаттардың көбін Мәскеуде Олжекеңе өз қолыммен тапсырғанмын.

Бұл Олжас Сүлейменовтің жеңісі болатын.

Қазақ ұлтының да.

Озық ойлы адамзаттың да»,- дейді.

**Гүлжанат НҰРШАНОВА**

## ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ

# ЗҰЛМАТ ЗАМАН ЗАРДАПТАРЫ

**31 мамыр - 1931 – 32 жылдардағы аштық пен 1937-38 жылдардағы саяси қуғын – сүргіннің құрбаны болған боздақтардың рухына қойылған мәңгілік ескерткіш, қаралы күн.**



Құмар Ақпанбаев 1894 жылы Семей облысына қарасты Қараадыр деген жерде дүниеге келген. Көп балалы отбасында өскен. Ата-бабаларынан қалыптасқан аңшылықты серік еткен. Бұл кісі менің жолдасым Құмар Мараттың атасы.

«Өзінің үлкен ұлдары Жұмағазы мен Қабдылғазыны да жақсы аңшы болуға үйреткен. Аң аулауда ауылға аты шыққан Таймас және Қоймас деп аталатын көмекші таза тазы иттері болатын. Әдеби кітап жырларын, дастандарды мүдірмей жатқа айтып отыратын. Сол кітаптың бірінші бетінде қолымен жазған «Шәкәрім қажы, көңілі қазы таратқандай қолымен... » деп басталатын өзінің өлеңі жазулы тұрушы еді»-, дейді туған апайы Бибіғайшаның үлкен ұлы полковник Ғайнетден Ақшекеұлы Әлжанов ақсақал. Жасында ауыл молдаларынан оқып, кейін жаңа әліпбимен сауат ашып, өз бетімен оқып, білім алған. Көркем әдебиетке жасынан қатты үйір болған. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман - Мамыр», «Еңлік - Кебек», «Дубровский» поэмаларын басынан аяғына дейін жатқа білген. Белгілі дәрежеде сауаты болғандықтан ауылдағы сауда жұмысын басқарып, дүкеннің сатушысы болған және ашаршылықтың зардабын жою ісіне тікелей араласып, Семей қаласынан келтірілуге тиісті азық-түлікті ауылға тасып жеткізу және оны ауылдағы қалған халыққа тізім жасап, мөлшерлі нормамен бөліп, тарату ісіне басшылық жасаған. Амал қанша, тағдыр балаларына әкелерінің көмегін, қамқорлығын толық, молырақ көруді жазбапты. Оның негізгі себебі Ақпанбаев Құмар атаның жазықсыздан жазықсыз «Халық жауы» деген сұрқайы атақпен жала жабылып ұзақ мерзімге сотталып кетуі болды. Қамауға 1937 жылдың 12 қазан күні алынған. Осыдан кейін басқа жаққа жер аударылып, қазіргі Екатеринбург, бұрынғыша Свердлов облысының Туринск ауданындағы ну орманды Тайгаға Семейден сотталған және Алматы облысынан сотталған 7000-дай «Халық жауы» деп аталған адамдарды апарып тастаған. Күзет мықты болған. Бұл жерлерге апарудағы мақсат осы сотталғандарға ағаш материалдарын дайындату екен. Лагерьдегілер ағаштарды қиып, бұтап, өңдеп, талап бойынша бөренелік қалыпқа келтіріп, Обь өзені арқылы сал байлап жіберу үшін дайындап беріп отырған екен. Лагерьдегілер топ-топ болып, бригада құрып орналасыпты. Құмар Ақпанбаевтың бригадасында сотталмай тұрғанда Жарма ауданындағы «Бөке» руднигінің бастығы болып істеген, осы сала бойынша мамандығы бар Рашад Ахметқалиев деген азамат бригадир қызметін атқарыпты. Ақылды, білімді азамат Құмар атамен пікірлес адам болыпты. Құмар ата қатты суық, жұмысы ауыр, тамағы нашар жағдайда өкпе ауруына шалдығып 1943 жылы қайтыс болады. Құмар атаның бала-шағасына Рашад Ахметқалиев ол кісінің қайтыс болғанын да айтып хат жазып, хабарлаған екен.

1968 жылы Прокуратура және Жоғарғы Сот органдары жұмысты бұрынғы іс-қағаздар арқылы зерттеп, соңынан мәселені шешіп, Шығыс Қазақстан облысы үштігінің (тройка) 26 желтоқсан 1937 жылғы қаулысының күшін жойып Құмар Ақпанбайұлын ақтаған.

